



Әл-Фараби атындағы
қазақ ұлттық
университеті

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік
университеті



■ Шығыс әдебиетінің тарихы (парсы әдебиеті)

БАҒДАРЛАМА

Павлодар

ШЫҒЫС ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ (ПАРСЫ ӘДЕБИЕТІ)

А.Ф. Зеайнулина

ПӘНІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ

Шығыс әдебиетінің аса үздік туындыларымен таныстыра отырып, олардың бір - бірінің рухани мәдениетіне қосатын, толықтыратын, байытатын үлес салмағының жаңаша мазмұн- мәнін айқындап, орнықты сұранысқа жол сілтеу.

Аталмыш пән Шығыс халқы елдердің әдебиетін ежелгі дәуірден бастап, бүгінгі күнге шейін қамтиды. Әрбір ұлттық фольклоры, классикалық, бүгінгі дәуірдегі әдеби мұралары қамтылып, ондағы эстетикалық таным, ұлттық әдеби арна ерекшелігі танылады. Әлемдік көркем сөз шеберлігіне және әдеби қозғалысқа тигізетін Шығыс әдебиетінің ықпалын кеңірек ашу нысанаға алынды.

Осындай мақсат негізінен мынадай міндеттер мазмұны туындайды:

- Әр халықтың ақын-жазушылардың шығармаларын көркемдік ерекшелігіне қарай даралап зерттей білу;

- Классикалық туындыларды оқу кезеңінде адамгершілік парасаты, гуманистік- имандылық тағлымына, көркемдік - эстетикалық танымына қарай жіктей отырып әдеби талдау мен стиліне, тақырыбы мен сюжетіне, композициясы мен тіл көркемдігіне ерекше назар аудара отырып, ой толқыны мен образдар бедері берілуіне, ақын позициясының тұтастығын таныту.

ДӘРІС САБАҚТАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛУІ (14 сағат)

1-Тақырып. Ежелгі парсы әдебиеті. "Авеста".

Мазмұны:

Парсы әдебиетінің пайда болу, қалыптасу кезеңі өте ерекше. Ондағы түрлі бағыт, толық парсы әдебиетінің тегі ретінде болған поэзия, оның түрлі мазмұндағы түрлері сол халықтың өлеуметтік ортасы мен қайшылықтарын танытуда барынша роль атқарды. Соның алғашқысы, погегрикалық поэзия. Бұл бағыттағы поэзиялық шығармалардың өркендеуіне шах ордасындағы Срай ерекше түрткі болды. Олардың дәстүрімен парсы әдебиетінде мадақтау жырлары - қасыданы қалыптастырды.

"Авеста" - көне иран тілінде жазылған қасиетті кітап. Зоорасстризм дінінің тарихын, оның мазмұнын ашатын туынды. Әлемдегі адам

танымы болып табылатын сұлулық, махаббат пен зұлымдық, байлық пен жоқшылықтың мәнін ашуда Құранмен, Библиямен үндестігі бар.

2-Тақырып Әдеби дәуірлеу мәселесі.

Мазмұны:

-Ежелгі Иран ескерткіштері туралы.

-Иран жазба ескерткіштерінің әдеби сипаты туралы түсінік.

3-Тақырып Классикалық поэзия сипаты, оның маңызы.

Иранның классикалық поэзиясының дамуы.

Мазмұны:

Тәжік- иран классиктері де қандай ауыр халдерді тербегенмен, сайып келгенде, адамзаттың дегдар сезімін баулитын, ер үмітін қанаттандыра түсетін идеяны мадақтады, көркемдікке бөледі.

Иранның классикалық поэзиясының ауқымы өте кең. Ондағы фольклорлық және әдебиеттік қазынасындағы жанрлық үлгілерді жаңғырта, түлете пайдаланды. Иранның классикалық поэзиясында әлеуметтік, азаматтық әуендер күшейіп, өлең пішіндерінде халық ұғымына түсініктілікпен жырлаушылық кең орын алды.

Қасыда (мадақ жыры), ғазел (лирикалық өлең), рубаяттар халық ортысында сақталды. Парсының бай әдеби- фольклорлық дәстүрлі жанрлары сақталып, ғасырдан ғасырға түр, мазмұн жағынан дами түсті.

4-Тақырып Рудаки- парсы поэзиясының негізін қалаушы.

Мазмұны:

Рудаки өмірінің таңғажайып беттеріне саяхат. Рудакидің Үндінің көне тілінен "Калила мен Димна" поэмасын аударып, араб- парсы сөздігін жасауы, араб өлшемдерімен өлең жазуы. Шығармаларын қасыда, қыта, бәйіт, рубай, мәснауи ғажайып өлең айшықтарымен, өрнектермен байытты. Рудаки шығармаларының тақырыбы - табиғат, өмір, махаббат, дүние қызығы, өмір қызығы, әкімдік, дәреже, қанағат, мейірім, адамның мінез - құлқы, салт- сана, бала, көрілік т.б. Рудаки өлеңдерінің көркемдік айшығы.

5-Тақырып Фирдауси шығармашылығы. "Шахнаме" көркемдік ерекшелігі.

Мазмұны:

Фирдауси өмірінен мәлімет (940-1030). "Шахнаменің" сақталған көлемі 60 мың бәйіт, яғни 120 мың жол өлең, былайша айтқанда 20 "Евгений Онегин". Эпосқа негізгі мазмұн болған Иран елінің арабтар жеңіп алғанда дейінгі көп ғасырға созылған тарихи өмірі. Кітаптың елу шақты тарауында елу түрлі патшаның дәуірі баяндалады. Сол себепті де эпостың аты "Шахнама". Кітаптың армандағы өмірді баяндайтын тараулары ел аузындағы миф, ертегі, аңыз, шежіреге құрыла-

ды да, соңғы тараулары тарихи деректерге құрылады. "Шахнаме" дастанындағы патша, батырлар, батыр әйелдер, халық бейнелерінің табиғаты. "Шахнаме" дастанының аудармалары. Тұрмағамбет Ізтілеов 40 мың жол өлеңмен "Шахнаманың" парсы, түрік, араб тіліндегі версияларын сомдап, қазақша дастан жасады.

6-Тақырып. Омар һәйям шығармашылығындағы ой еркіндігі. (1040-1132)

Мазмұны:

Омар һәйям өмірінен мәлімет.

А) Омар һәйям - ғалым ("Алгебра мен алмукабала мәселелерінің дәлелдері туралы трактат").

Ә) Астрономиялық обсерваториядағы жаңалығы - Джалал календары (1079жыл)

Б) Ибн Синаның "Хутба" философиялық еңбегін аударды.

Омар һәйям туралы:

1. 1897 ж. В.Жуковский. "Омар һәйям және көшпелі рубайлар".

2. М.И.Занд. Шесть веков славы. М., 1964. с.124

3. Омар һәйям. Рубайлар. Ауд. Қ.Шаңғытпаев. А., 1965. 100-б

Омар һәйямның адам, дін оның арасындағы қарым- қатынасы туралы, жаңа мотивтер мен бейнелер туралы.

Адам мен құдай, өмір мен өлім жөніндегі О.һәйям рубайларындағы түпсіз қайғы, шексіз мұң сарыны басым жатады. Бірақ бұл қандай қайғы, нендей мұң? Мәңгі өлімнен қорқып, азын- аулақ тіршіліктен қол үзу ме? Немесе ақыры бір өлім болғасын, өмірді ойлағанындай өткізіп қал, өлгесін күл болмаса, бұл болсын деп, тіршіліктің қызығына күшырлана күштар болу ма?

7-Тақырып Низами поэзиясы- Шығыстың қайта өрлеу классиктерінің дамуындағы шарықтау кезеңі..

Мазмұны:

Илияс Низами (1141-1209) әзербайжан халқының перзенті, ұлы ойшылы, ақыны. Көп тілдерді еркін меңгерген. Ең тұңғыш поэмасы - "Сырлар қазынасы" (1174-1175) Дидактикалық- философиялық поэмада адамның жаралу, даму, жоғалу жайын жырлайды. 20 тарауға бөлінген. Әр тарау әңгіме үстінде мысал- хикая арқылы өрбіп отырады. 1188 ж. Жазылған "Ләйлі- Мәжнүн" дастаны.

Көшпелі араб руларының салтын, дінін, ескі әдет- ғұрпын, оларды аттап өткен махббат сырларын, осы жолдағы ізгілік пен қаталдықтың майдандасуын тамаша көрсетеді.

1196 ж. "Жеті сұлу" дастаны- басты кейіпкер Баһрамгүл патшаның жеті сарай салдырып, жеті сұлу ұстап түрлі хикаялар айтуы,

әділдікті ардақтауы, жауыздықты әшкерелеуі.

1196-1201 ж. Ескендір поэмасы (1-к. "Даңқ кітабы", 2-к. "Бақыт кітабы"). Алғашқы кітапта- Ескендірдің жорығы жүрген жерінде әділдік, теңдік әкелді деп дәріптеуі, оның мәңгі суды іздеуі туралы.

Екінші кітапта Ескендірдің өнер- білімді дамытуға кіріскені әңгімеленеді. Осы кітап арқылы ақын заман, адам өмірі, келешегі, тарихтың даму барысы туралы философиялық ойларын түйеді.

"Хамсә"-5 поэмасы- тұлғалы эпикалық туынды.

8-Тақырып XIII ғ. Парсы- тәжік әдебиеті. Жалалиддин Руми шығармашылығы. "Хұсрау"

Мазмұны:

Парсы - тәжік әдебиетінің дамуындағы жаңа әдеби өрлеу. Руми өмірінен мәлімет. Оның өлеңдеріндегі өмір мазмұны, ондағы өмір қайшылығы. "Хұсрау" жырының тақырыбы, ондағы көркемдік бейнелілік.

9-Тақырып. Ә.Науаи шығармашылығы. "Фархат- Шырын" поэмасы мен "Бестік" дастанының көркемдік ерекшелігі.

Мазмұны:

Өзбек халқының классикалық әдебиетінің мақтанышы Ә.Науаи (1441-1501) өмірінен мәлімет. "Өзім туралы"- өзінің өкіл әкеі және жақын досы Сеид- Хасан Ардширге арнап ,хат түрінде жазған. Мұнда келешектегі әдеби сапары, хан қаталдығы, жаңа достары, халықтың ауыр жағдайын суреттейді.

"Төрт кітап" (1495)- лирикалық өлеңдер жинағы.

1-"Балалықтың тамашасы", 2-"Жастық шақтың кейбір қызықтары", 3-"Орта кездің қызықтары", 4-"Қарияның пайдалы кеңестері". "Сүйікті жүректер"-прозалық еңбегі бүкіл өмір жолы мен атқарған қызметінің түйінді қорытындысы.

"Бестік" (1483-1485 жазылуы). 1-дастан "Ізгілердің қаһарлануы"- қоғамдық, моральдық мәселелері қаралды. 64 тараудан тұрады. 2-дастан- "Фархад пен Шырын", 3-дастан- "Ләйлі- Мәжнүн" араб аңызының негізінде, 4- дастан- "Ескендір қорғаны"- ғибрат ету, зұлымдықтан құтқару идеясы бар.

10-Тақырып. Физули шығармашылығы. "Ләйлі- Мәжнүн" поэмасы.

Мазмұны:

Мұхаммед Физули - әзербайжан халқының ұлы ақыны (1448-1556). Алғашқы еңбегі "Пікірлер жүйесі" - ескі грек философтарының шығармаларынан мысалдар келтіреді. 1537 ж. "Ләйлі - Мәжнүн" поэмасын жазды. Оның "Жүрек досы", "Денсаулық пен дерт", "Шарықтау мен сезім", "Кезбе мен Тақуда" атты шығармалары үш тілде жазы-

лған ғазалдары. Физули поэзиясы туралы: Поэзия- ақыл- ойдың жиынтығы - өлеңді ананың өзі де жек көрмейді. Өлеңді бағаламау - өмірді бағаламаумен бірдей. Онда айтылатын пікірлер адамға ой салады. Сондықтан халық оны жақсы көреді. Оны шығарушы ақындары құрмет тұтады... "Мен поэзия бақшасының ішінде жүргенде шындықтың хош иісті ауасымен дем аламын"- дейді. Физули ғазалдарының тақырыбы- махаббат, қоғамға деген көзқарас, дін иелерін сынау, ғылым мен мәдениет. "Бір құдайға", "Жүрек досы" деген ғазалдары "Ләйлі- Мәжнүн"- XVI ғ. феодалдық - патриархалдық құрылысты сынау, жастар бостандығының Ләйлі мен Мәжнүн бейнелерінің таиғаты.

11-Тақырып. Бабырдың әдеби мұрасы. "Бабыр - нама" дастанының әдеби - көркемдік сипаты.

Мазмұны:

Өзбектің классикалық әдебиетінің дамытушы Захиреддин Мұхаммед Бабыр (1483-1530). Алғашқы еңбектері-1522 ж. Жазылған "Мұбайын" ("Өсиет") - ескі мұсылманшылықты дәріптеп, шариғат заңын насихаттайтын шығарма. Бабыр- лирик. Негізгі тақырыбы - ерлікті, ғашықтықты жырлау.

"Бабыр нама"- энциклопедиялық шығарма. Мұнда Ауғанстан мен Үндістан, Маваранахр мен Хорасан өлкелерінің табиғат суретінен бастап, өсімдіктер дүниесіне дейінгі жаңалықтар бар. Әсіресе әр түрлі елдер мен жұрттардың әдет- гүрпын, этнографиясын, әдебиеті мен тілін, халық медицинасын баяндайтын мәліметтер мол.

12-Тақырып. Сағди және XI-XIII ғ-ғы парсы тілді поэзиядағы философиялық- дидактикалық бағыт поэмалары.

Мазмұны:

Сағди өмірінен мағлұмат-(12ғ. 80-жылдары) "Гүлістан"-(Раушан гүлінің бақшасы)-1258ж. Имам, құдай, дін иелерінің жақсылық ісін дәріптеу. Қоғамдық мораль және дін, мінез жайлы уағыздар жиынтығы. Сағди таза ғазалық негізін салушы. "Бустон" ("Жемісті бақ")-1250 ж. Жазылады. 10 тараудан тұрады. Мәселен- "Әділеттілік туралы", "Жомарттық және қайырымдылық", "Махаббат туралы", т.б. "Гүлістан" тарауында - қарым- қатынас ережелері, махаббат пен жастық, азға қанағат ету туралы мәселелер көтеріледі.

13-Тақырып Хафиз - классикалық Шығыс поэзиясының дарынды лиригі.

Мазмұны:

Парсы- төжік әдебиетінің аса ірі өкілі (1300-1389).

14-18 жол немесе 20-24 өлең жолдарынан тұратын лирикалық өлең Ғазал деп аталады. Хафиз шығармаларының тақырыбы -өз дәуі-

ріне разы болмау, ө тағдырына налу, сүйіспеншілікті жырлау, масаңдық күйді мадақтау. Хафиз поэзиясында сопылық- мистикалық элементтер де кездеседі. Бірде- Хафиз ақын алып қайрат иесі, өмір сүрген дәуіріне наразы, оған қарсы болып көрінсе, екіншіде - Хафиз әлсіздік көрсетіп, өзінің ақылымен кеңесіп, жағдайымен санасып, ымыраға келеді.

14-Тақырып Ә.Жәми - классикалық поэзиясының соңғы өкілі. "Жеті дастан" даналық кітабының философиялық тұжырымдары.

Мазмұны:

Әбдірахман Жәми (1414-1492)- парсы- тәжік классикалық әдебиетінің ең соңғы ұлы шайыры. Жәмидің жүздеген ғазалдарының тақырыбы- махаббат іңкәрлігі, айнымас достық, адамгершілік, парыз, кішіпейілділік, барлық пен жоқтың, шапағат мәселелері туралы.

"Жеті дастан", "Жақсылыққа тарту", "Алтын тізбек", "Саламан мен Абсаль", "Жүсіп - Злиха", "Ләйлі - мәжнүн", "Тақуалардың тасби-хы", "Ескендірдің даналық кітабы".

Жәмидің бүкіл творчестволық сапарын қорытындылаған еңбегі - "Бхарамстан" ("Көктем гүлі"). Бұл шығарма негізінде қарасөзбен жазылған, қорытынды, түйін пікірлерін ғана шайыр өлеңімен берген. Ақынның этикалық және эстетикалық принциптерін танытатын, гибраты мол әңгіме- новелла жинағы.

ТӘЖІРИБЕШІЛІК САБАҚТАРДЫҢ ЖІКТЕМЕСІ

(10 сағат)

1-Тақырып. Ежелгі парсы әдебиеті. "Авеста"

1. Ежелгі парсы әдебиетінің ерекшеліктері.
2. Көне Иран тілінде жазылған қасиетті кітап "Авеста" туралы мәлімет.
3. Зооастризм дінінің кітабы екенін дәлелдеу, Құран, Библиямен үндестігі.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Н.Келімбетов. "Ежелгі дәуір әдебиеті" А., 1991 ж.
2. Ә.Қоңыратбаев. "Көне мәдениет жазбалары" А., 1991 ж.
3. "Авеста" ауд. Қ. Шаңғылбаев "Мәдениет және түрмыс" А. 1989 ж.

2-Тақырып. Әдеби дәуірлеу. Ежелгі Иран жазба ескерткіштері.

1. Парсы әдебиетіндегі қайта өрлеу дәуірі, ондағы әдеби ахуал.
2. Иран жазба ескерткіштері туралы, оның әдеби сипаты.
3. Қазақ түркі жазба ескерткіштерінің құндылығы мен тұтастылығының айырмашылығы.

Пайдаланатын әдебиеттер:

1. Н.Келімбетов. "Ежелгі дәуір әдебиеті" А., 1991 ж.

2. Ә.Қоңыратбаев. "Көне мәдениет жазбалары" А., 1991 ж.
3. Ғ.Айдаров. "Көне жазба ескеркіштерінің тілі" А., 1961 ж.
4. Қазақстан әйелдері. 2000 ж. №1-2

3-Тақырып. Классикалық поэзия сипаты, оның маңызы.

Иранның классикалық поэзиясының дамуы.

1. Иран әдебиеті тарихының басты ерекшеліктері.
2. Тәжік -иран классиктерінің шығармаларының тақырыбы.
3. Парсы әдеби - фольклорлық дәстүріндегі жанр түрлері, оның мазмұн- мәні.
4. Қасыды, газел, рубаяттар ұғымы, оның поэзиядағы қолданысы.

Пайдаланатын әдебиеттер:

1. Әлем халықтары әдебиеті. Энциклопедия. 2-т. 1971 ж.
2. М.Курганцев "Шығыс лирикалары". 1 т., 7 т. 1984 ж.
3. З.Ахметов. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. А., 1997 ж
4. Ө.Күмісбаев. Екі перне. А., 1991 ж.

4-Тақырып. Рудаки шығармашылығының көркемдік сипаты.

1. Рудаки өмірінен мәлімет, ақын туралы мақала- пікірлер, зерттеулер
2. Рудаки шығармаларының тақырыбы.
3. Рудаки өлеңдерінің көркемдік сипаты.
4. Өмір, махаббат, мінез- құлық, дана, надан, салт- сана тақырыбы бойынша нормативтік жоспар негізінде өлеңін жатқа оқу, әдеби талдау.
5. Өмір қызығы, өкімдік, дос пен қас, түңілу, жан тазалығы мен тән тазалығы, ұрпақ тақырыбына 30 карта жинау, әдеби талдау жүйесін жасау.

Пайдаланатын әдебиеттер:

1. Әлем халықтар әдебиеті. Энциклопедия. 2 т. 1971 ж.
2. Қ.Жұмалиев. Шығыс жұлдыздары. А., 1973 ж.
3. Р.Бердібаев. Гүлстанның бұлбұлдары. А., 1970 ж.
4. Ә.Рудаки. Таңдамалы шығармалары. А., 1968 ж.
5. З.Ахметов. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. А., 1997 ж.
6. Рудаки "Поэты и его времени". А., 1985 ж.

5-Тақырып. Ә.Фердауси "Шахнаме" дастанының көркемдік сипаты.

1. Ә.Фердауси өмірінен мағлұмат.
2. Ә.Фердауси шығармаларының тақырыбы, оның көркемдік сипаты.
3. "Шахнама" дастанының тарихы, құрылысы, көркемдік сипаты
4. "Шахнама" дастанындағы кейіпкерлер табиғаты (патшалар, батырлар образы, қарапайым еңбек адамдарының бейнелері, әйелдер бейнесі).
5. "Шахнама" дастанының әлем тілдеріне аударылуы.
6. Т.Ізтілеуов "Рүстем- дастан" туындысы, оның көркемдік бейнелілігі. ("Рүстем батыр" тарауынан үзінді оқу).

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. У.Күмісбаев "Иранский эпос и казахская литература". Простор. 1975. № 12. 120-123 стр.

2. Сәтбаева Ш.к. "Шахнаме" А.Фердауси на казахской почве". ВКН. "Казахская литература и Восток. А., 1982.

3. У.Күмісбаев. Фердауси и казахский поэт. Простор. 1980. №-97. 131-134 стр. (к истории создание перевода переложение "Рүстем- да- стан" Т:Изтлеуов по мотивам "Шахнаме"

6-Тақырып. Омар һәйям шығармашылығының көркемдік мәні.

1. Омар һәйям өмір шежіресінен мәлімет.

2. Омар һәйям- ғалым. ("Алгебра туралы трактат", "Болмыстың бірлігі").

3. Омар һәйям рубайларының тақырыбы, көркемдік сипаты

4. Омар һәйям рубайларының ой еркіндігі, тартыс ерекшелігіне әдеби талдау, жатқа оқу (40 карта даярлау).

5. Омар һәйям рубайларының аудармасы (Қ.Шаңғытпаев, т.б.).

Пайдаланатын әдебиеттер:

1. У.Күмісбаев. Зарубежный Восток в казахской поэзии. Простор. 1978. №7. 115-117стр.

2. У.Күмісбаев. Казахская поэзия и литература Востока. По- иск.1997. №1 стр.40

3. Омар һәйям. Рубайлары (Аударма) А., 1986

4. Қ.Жұмалиев. Шығыс жұлдыздары А., 1973

7-тақырып. Низамидің "Бестік-Хамса" шығармасының көркемдік сипаты.

1. Низами өмірінен мәлімет.

2. Низамидің "Сырлар қазынасы" атты тұңғыш поэмасының мұраты.

3. "Құсырау мен Шырын" дастанына әдеби талдау.

4. "Бестік-Хамса" туындысының идеялық-көркемдік сипаты (әдеби талдау).

Пайдаланатын әдебиеттер:

1. Низами. Ләйлі-Мәжнүн. А., 1954

2. Қ.Жұмалиев. Шығыс жұлдыздары. А., 1992

3. Ш.Сәтбаева. Қазақ әдебиеті және Шығыс. А., 1992

4. М.Курганцев. Шығыс лирикалары. 1т., 7т., А., 1984

8-Тақырып. Парсы әдеби дәстүр. "Маснауи-Манауи" көркем ерекшелігі ондағы сопылық дәстүр толқыны.

1. Парсы әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық үрдісі, оның тұтастығы.

2. "Маснауи-Манауи" поэмасындағы идея, композициялық құрылым жүйесі.

3. Поэмадағы дін уағзызының мазмұны, дәстүр мен жаңашыл тұтастығы туралы түсінік.

4. "Маснауи-Манауи" поэмасының тілі.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Әлем әдебиетінің тарихы. М., 1981. 2т. 1,2-бөлім

2. Восточная литература. А., 1972 1-бөлім

3. Сөз зергері. А., 1966ж

4. Шығыс жұлдыздары. А., 1973

9-Тақырып. Ә.Науаидің "Бестік" дастанының сюжет желісі, кейіпкерлер табиғаты. "Фархат - Шырын" поэмасының көркемдік әдеби сипаты.

1. Ә.Науаидің өміріне мәлімет, оның шығармашылығы туралы ғылыми пайымдар.

2. "Өзім туралы", "Ойлар сыйлығы" атты өлеңдеріндегі "Өзі" және "Қоғам" мінезі туралы.

3. "Бестік" (1483-1485) - қасиет мазмұн, оның танылу табиғаты.

4. "Төрт кітап" (1495ж.) - лирикалық жинағындағы өмірге деген махаббат, оның мазмұны. ("Балалықтың тамашасы", "Жастық шақтың кейбір қызықтары", "Орта кезнің қызығы", "Қарияның пайдалы кеңестері")

5. "Ләйлі-Мәжнүн" дастанының идеялық сарыны

6. "Фархат-Шырын" поэмасына көркемдік - әдеби сипаты. Фархат, Шырын бейнелері. Фархат монологын жатқа оқу.

Пайдаланатын әдебиеттер:

1. Ә.Науаи. Таңдамалы шығармалары. А., 1998

2. Р.Бердібаев. Гүлстанның бұлбұлдары. А., 1970

3. Шығыс жұлдыздары. А., 1973

4. Ш.Сәтбаева. Қазақ әдебиеті және Шығыс. А., 1992

5. М.Курганцев. Шығыс лирикалары. А., 1т., 7т.

6. Б.Ысқақов. Сөнбес жұлдыздар. А., 1989

10-Тақырып. Физули лирикасының табиғаты. "Ләйлі - Мәжнүн" поэмасындағы Ләйлі, Мәжнүн бейнелері..

1. Физули өмірбаянынан мағлұмат.

2. Физули ғазалдарының тақырыбы.

3. "Жүрек досы", "Денсаулық пен дерт", "Шарықтау мен сенім", "Кезбе мен тақуа", "Пікірлер жүйесі" атты философиялық туындылардың көркемдік ерекшеліктері.

4. Физулидің поэзия туралы пікірін талдау, көзқарас.

5. "Ғашин пен шарап" туындысының идеялық тереңдігі стиль ерекшелігі.

6. "Ләйлі-Мәжнүн" дастанының сюжет желісінің құрылым ерекшелігі. Ләйлі, Мәжнүн бейнелері. Мәжнүн, Ләйлі монологын жатқа оқу.

Пайдаланатын әдебиеттер:

1. Физули. Тандамалы шығармалары. А., 1970.
2. М. Османов. Стилль персидско-таджикской поэзии. М., 1974.
3. Б.Ысқақов. Сөнбес жұлдыздар. А., 1989.
4. Әлем халықтары әдебиеті. М.Қ.Н. 2,5т.
5. Ақ желкен. 1992ж. №8

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОБАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

(8 сағат)

1. Омар һәйям рубайларының ғұмыр табиғаты
2. Шығыс әдебиеті мен Абай ақындығының тұтастығы
3. Абайдың Исламиятқа қатысы
4. Абай поэзиясындағы Шығыстың мораль философиясы
5. Сөз өнері туралы Әл-Фараби және Абай пікірлеріндегі сабақтастық
6. Шәкәрім және Шығыс әдебиеті
7. Шәкәрімнің сыншылы лирикасында ой толғаулардың, көркемдік құралдардың Шығыс дәстүр мен үндестігі
8. Науаи және Абай
9. "Бабыр-наме" Абай оқуында
10. Ә.Жәми өлеңдеріндегі психологиялық тереңдік. 7-Тақырып
11. Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет шежіресі
12. Шығыстың поэтикалық мектебі
13. Шығыс әдебиетінің сипаты қазақ әдебиет тануында
14. Парсы - қазақ әдебиетінің байланысы
15. Шығыс ауламаларының адамзат ұлылығы, тәрбие тағылымы жақысында
16. Шығыс поэзиясындағы әйел образы
17. Шығыс поэзиясындағы пейзаж

ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Р.Бердібаев Шығыс қазынасы. Кітапта: Достық кемесінде. А.,1970.
2. Литература народов СССР М.,1971.
3. Бертельс Е. Избранные труды. Низами и Физули. Т.П.М.,1962.
4. Бертельс Е. Новои. М.,1948.
5. Р.Бердібаев. Терең тамырлар. Ә.Науаи. Кітапта: Достық кемесінде. А.,1976.
6. Р.Бердібаев. Суреткер мұраты. Қазақ әдебиеті. 1979 21
қыркүйек
7. Әлем халықтары әдебиеті. Энциклопедия. 2-том. 1971
8. Құран
9. "Мың бір түн" аудар. Қ.Әбдықадыров. 4-том. А., 1954
10. Корниенко В. Наследия и поиски нового. /О литературе арабских стран. Иностран. лит-ра 1987 - 2, 215-221 б.
11. М.Курганцев "Шығыс лирикасы". 1-том, 7-том, А., 1984
12. Газетдинова Л.А. Поэзия ар-Рейхани. Вест. Ленинградский университет, 1985. 42-47 б.
13. "Авеста" ауд. Қ.Жұмалиев. "Мәдениет және тұрмыс". 1989 - 4
14. Ә.Хасенов. Әбу Ғали ибн-Сина. А., 1983
15. Б.Ысқақов. Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары. А., 1964
16. Б.Ысқақов. Сөнбес жұлдыздар. А., 1989
17. Ә.Қоңыратбаев. "Көне мәдениет жазбалары". А., 1991
18. Р.Бердібаев. Кәусар бұлақ. А., 1989
19. Ә.Жәмішев. Хафиз ғазалдары. ауд. А., 1990
20. Т.Тетегенов. Шетел әдебиеттері тарихы. А., 1996
21. Мұхаммед Бабыр. "Бабыр - наме" ауд. Б.Қонабеков, А., Жалын, 1990
22. Краткая литературная энциклопедия. 2-том. 1966
23. Гончаров Л.Н., Р.Тагор-гуманист и просветитель. Сов. Педагогика. М., 1987
24. Винокуров Е. Философская лирика Тагора. М., 1979
25. М.Жолдасбеков. Асыл арналар. А., 1990
26. Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. А., 1991
27. Ежелгі дәуір әдебиеті (Хрестоматия). А., 1991
28. Сөз зергері. А., 1966
29. Н.Ғабдуллин. Уақыт сыры. А., 1962
30. Низами. Ляйлі-мәжнүн. А., 1954
31. Ә.Науаи. Тандамалы шығармалары. А., 1998
32. Мұшайра. А., 1972
33. Р.Бердібаев. Гүлстанның бұлбұлдары. А., 1970

35. КСРО халықтары әдебиеті. А., 1976
36. Ә.Фердауси. Кей Хосрау. А., 1972
37. М.Сағди. Жәннәт. А., 1984
38. Ә.Жәми. Өлеңдер мен дастандары. А., 1969
39. Шығыс жұлдыздары. А., 1973
40. Ө.Күмісбаев. Екі пене. А., 1991
41. Ш.Сәтпаева. Қазақ әдебиеті және Шығыс. А., 1992

ҒЫЛЫМИ ЖОБАНЫ ҚОРҒАУ ҮРДІСІ

(2 сағат)

Дәрістік тәжірибешілік сабақтар мен кеңестерден кейін әр оқушы өз қалауы бойынша ғылыми жоба тақырыбын таңдайды. Зерттеу күнделігін жүргізе отырып зерттеудің өзектілігі анықталды. Зерттеудің түрлі әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, ғылыми талдау-сараптама негізін жасайды.

Белгілі бір анықталған тұжырымдама негізінде оқушының шығармашылық қабілеті мен ғылыми ойлау қабілеті танбылу нәтижесіне жету керек.

Ғылыми жоба қорытындысы бойынша зерттеу жұмысын ғылыми жаңалығы бекітілді. Қорғау барысында алынған ғылыми нәтижелерге қосымша материалдар (кесте, сурет, фотосурет, мұрағат, мұражай материалдары, т.б.) пайдалануға болады.

Факультативті сабақтың мазмұнына сәйкес алынған ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесін ғылыми басылымдарға, ғылыми қорғау орталықтарына ұсынуға мүмкіндігі бар.

Мазмұны

А.Ф. Зсайнулина

Шығыс әдебиетінің тарихы (парсы әдебиеті) 3

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОРТА МЕКТЕПТЕРІНЕ АРНАЛҒАН
ФАКУЛЬТАТИВТІК КУРСТАРДЫҢ
АЛТЫҢ СЕРИЯСЫ**

Техникалық редактор Г.Н. Сейтахметова
Компьютермен терген М.А. Ескожинова
Дизайнер Е.С. Нурбаев

Басуға 10.10.2006 г.

Әріп түрі Times.

Пішім 29,7 × 42¹/₄. Офсеттік қағаз.

Шартты баспа табағы 0,56. Таралымы 250 дана

Тапсырыс № 0038

Ғылыми баспа орталығы

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.

